Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

7 қазан сенбі
№79 (1986)
2023 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ: ЖАҢА БАҒЫТ, ТЫНЫМСЫЗ ІЗДЕНІС, ОҢ НӘТИЖЕ

3 БЕТТЕ

МЕКТЕПТЕР ҚЫСҚА ДАЙЫН БА?

4 БЕТТЕ

МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ҚУАНЫШ

Қызылорда қаласындағы жаңа шағын ауданның бірі – Бәйтерек. Жаңа тұрғын алабы ашылып, жер беріле бастағаннан бұл аймақтың жұрты да көп болатыны белгілі болды. Себебі жыл өткен сайын Бәйтеректегі үйлер саны артты. Бұл өз кезегінде жаңа ауданға мектеп керектігін аңғартты. Ұстаздар күні қарсаңында Бәйтеректе салынып жатқан жаңа мектеп игілікке берілді.

Қызылорда облысының 85 жылдығы мен мұғалімдер күні қарсаңында есігін ашқан білім ордасындағы салтанатты шараға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысып, ізгі тілегін білдірді.

– Ел Президентінің, Үкіметтің қолдауымен Сыр өңірінің білім саласында ауқымды жобалар сәтті жүзеге асырылуда. Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында алдағы екі жылда 12 300 орындық 21 мектеп салынады. Осы жылы 10 мектептің құрылысы басталса, оның бесеуі облыс орталығында бой көтереді. Бұған дейін қаламызда бір ғана «Оқушылар үйі» болса, «ҚазГерМұнай» компаниясының демеушілігімен 2,3 млрд теңгеге 350 орындық заманауи үлгідегі «Оқушылар сарайының» құрылысы жақын күндері басталады. «Саутс Ойл» компаниясының демеушілігімен Сырдария өзенінің сол жағалауынан құны 4,8 млрд теңгені құрайтын музыкалық колледждің жаңа ғимараты құрылысын қараша айында бастап, ауыл балаларына арналған 900 орындық 4 мектепті жыл аяғына дейін табыстаймыз, – деді аймақ басшысы.

Салтанатты іс-шарада облыстық білім саласы ардагерлері кеңесінің төрағасы Ғалым Бекенов жерлестерін жаңа білім ошағының ашылуымен құттықтаса, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Қорғанбек Қайруллаев бата берді.

Бәйтерек шағын ауданындағы №287 орта мектеп облыс орталығындағы үш ауысымда білім беретін №261, №280 білім ошақтарындағы оқушылар жүктемесін азайтады.

А.АҚЫЛБЕК

Қызылорда-Мәскеу: Алғашқы әуе рейсі

Құрметті оқырман, Қызылордада Мәскеуге бағыт алған алғашқы ұшақ ұшқанын естіп пе едіңіз? Қызылорданың 1925-1929 жылдары елдің бас қаласы болғанын тарихтан білеміз.

Астана мәртебесіне қол жеткізгеннен соң түрлі мекемелер мен өндіріс орындарының іргетасы қалана бастады. Орта және арнаулы оқу орындары бой көтерді. Тағы бір айта кетерлігі, ғылыми-зерттеу, жер қыртысын зерттеу, мал дәрігерлік-бактериологиялық және де басқа институттар өз жұмысын осы қалада бастаған.

Сол тұста әуе қатынасы мен байланыс жүйесі іске қосылды. 1926 жылы маусым айында аспанға тұңғыш рет Қызылордадан ПО-ұшағы көтеріліп, Мәскеуге бет алды. Бұл ұшақ Қазақ Республикасының астанасы Қызылордадан Мәскеуге әуе жолын ашқан алғашқы рейс болатын.

Әрине, қазақ аспанында ұшақтар бұдан бұрын да самғаған. Дәлел ретінде Жосалыдағы әуежайды алсақ болады. Дегенмен Қызылордадан Мәскеуге жол ашқан алғашқы әуе рейсі 1926 жыл болып тарихқа енді. Біз бұл деректі белгілі журналист «Егемен Қазақстан» газетінің меншікті тілшісі Мұрат Жетпісбаевтың «Қожановтың Қызылордасы» атты мақаласынан алдық. Ол өз кезегінде құнды деректі тарихшы Кереевтен алғанын мәлім етті.

Әуе кеңістігі, көкке самғау жайлы әңгіме қозғалғанда Байқоңырға тоқталмай кету мүмкін емес. Өйткені Сыр топырағындағы бұл ғарыш айлағынан адамзат баласы тұңғыш әуе кемесін ұшырған.

1957 жылдың 4 қазанында «Байқоңырдан» тұңғыш ғарыш ракетасы сәтті ұшырылды. Ол дүние жүзіндегі ең бірінші жердің жасанды серігін орбитаға шығарды. Бұл жерден 1961 жылы адамзат тарихындағы тұңғыш ғарышкер Юрий Гагарин аспан әлеміне көтерілді. Еліміз тәуелсіздік алар тұста 1991 жылдың 2 қазанында «Союз ТМ-13» кемесімен Кеңес Одағының Батыры, Қазақстанның Халық Қаһарманы Тоқтар Әубәкіров ғарышқа ұшты. Тоқтар ағамыздан кейін Талғат Мұсабаев пен Айдын Айымбетов көк төсіне самғады.

Әңгіменің ауанын ұшақпен бастаған соң ұшақпен аяқтайық. Дәл қазір Қызылордадағы «Қорқыт ата» әуежайының жаңа терминалы салынып жатыр.

Жерлесіміз, меценат Болат Өтемұратовтың қоры өңірде халықаралық стандарттарға сай заманауи терминал салуға ниет білдіргені белгілі. Қазіргі әуежай жылына 137 мың адамға қызмет көрсетсе, жаңа терминал іске қосылғаннан кейін 220 мың жолаушыны қабылдай алады. Ал жүк тасымалдау көлемі 150 тоннадан 240 тоннаға дейін ұлғаяды. Құны 33 миллион долларды, алаңы 7500 шаршы метрді құрайтын әуежайда телескопиялық трап екі қабатты болады. Жолаушыларға, оның ішінде қозғалыс қабілеті шектеулі азаматтарға ыңғайлы болуы үшін эскалаторлар мен лифттер қарастырылмақ. Жылдам әрі жайлы қызмет көрсету, өзін-өзі тіркеу бағандары, жүкті беруді өңдейтін автоматтандырылған жүйемен жабдықталады.

Жергілікті әкімдік нысанға инфрақұрылым жүргізуде. Терминал құрылысы келер жылы аяқталады деп жоспарланған.

Ә.ЖҰМАДІЛДАҰЛЫ

ӨЗІМІЗДІҢ ӨНІМ

Нұрболдың кәсібі

Бүгінде 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба өз жемісін бере бастады. Аталған бағдарлама аясында кәсібін бастағысы келген жандардың арасында жастар көбейгені қуантарлық жаңалық. Талапты жастың бірі – қала тұрғыны Нұрбол Маделханов. Ол осы жоба бойынша 2022 жылы 5 млн теңге қайтарымсыз грант алып, гофрленген тақта өндірісін қолға алған. Бүгінде еңбегінің жемісін көріп отырғанын қуана жеткізді.

– Кез келген іс бірден оңтайлы жолға түсіп кетпейтіні белгілі. Кедергілермен күресу арқылы келген табыс та құнды. Сол секілді біз де ойға алған ісімізді бастар кезде

қаржылық мәселелер туындады. Құрылыста көп қолданылатын гофрленген тақта өндіретін цех қалада жоқ екенін білдік. Ал қазір сол тақта көпшіліктің сұранысына ие болуда. Қызылордалықтардың қажетін өтеу мақсатында шағын цех ашуды жөн көрдік. Өзімізде шығатын өнім болған соң нарықтың бағасынан төмен бағамен аудан, қала халқына сатылымға шығарамыз. Біздің мақсат – аймағымызды дамыту. Тұтынушыларымызға сапалы өнім беру үшін еліміздегі сапасы жоғары шикізаттарды пайдаланамыз, – дейді кейіпкеріміз.

Цех директоры Нұрбол Маделхановтың айтуынша, енді ғана ашылғандықтан әзірге 2 адам жұмыс істеп жатыр.

– Бұл істі жаңадан бастап жатқандықтан, әзірге көп адамды жұмысқа алып үлгермедік. Әрине, біртіндеп кәсібіміз жолға қойылған соң жұмысшылар қатарын да арттырамыз. Гофрленген тақтаның екі түрін шығарамыз, қалыңдығы 0,33 және 0,35 миллиметр. Елімізде тақтаның бұл екі түрі де үлкен сұраныста,– дейді цех басшысы.

Шынында, өзімізден шыққан өнім түрі көбеюде. Әйтпесе сырттан әкелінген тауар халықтың қалтасын қағатыны рас. Оның үстіне бұл тақталардың қазір нарықта құны жоғары. Сондықтан бұл жоба өз жемісін бергелі тұр.

Г.АСҚАРҚЫЗЫ

ТАЯҚ БАТПАЙТЫНДАРҒА ДА ТЫҚЫР ТАЯДЫ

Осы аптада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен заңсыз иемденілген активтерді қайтару мәселесі жөнінде кеңес өтті. Келелі кеңеске мақала соңында тоқталамыз. Алдымен елдің қаржысы мен мүлкін заңсыз иеленгендердің ісімен кім немесе қай орган айналысатынын және қанша қаржы қайтқанын баян етейік.

АКТИВТЕРДІ ҚАЙТАРУМЕН ҚАЙ ОРГАН АЙНАЛЫСАДЫ?

Қазақстан Президентінің тапсырмасынан соң Бас прокуратура құрылымында өзгерістер болып, халықаралық құқықтық ынтымақтастық қызметі құрылды.

Бас прокуратураның ресми сайтында: «Мемлекет басшысының елге заңсыз шығарылған қаржы қаражатын қайтару, сондай-ақ экономикалық ресурстардың монополиялық (олигополиялық) шоғырлануын анықтау жөніндегі тапсырмаларын іске асыру шеңберінде осы бағыттағы барлық мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 қазандағы №1029 Жарлығымен Бас прокуратурада Халықаралық-құқықтық ынтымақтастық қызметі құрылды» деп ақпарат берілген.

Сондай-ақ Бас прокуратура құрылымындағы бұл өзгерістер елден капиталдың кетуіне және шығарылған активтерді қайтаруға қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыру тәсілдерін қайта қарауға мүмкіндік беретіні жазылған.

Арнайы қызметтің негізгі міндеттері экономикалық ресурстарды заңсыз шоғырландыруға және тауар нарықтарын монополиясыздандыруға, сондай-ақ шетелден заңсыз активтерді репатриациялауға ықпал еткен жағдайларды анықтау бойынша жүйелі шараларды әзірлеу және іске асыру болып табылады.

2 БЕТТЕ

МЕРЕЙЛІ ҰСТАЗДАР ҚҰРМЕТ ТӨРІНДЕ

Асқар Тоқмағанбетов атындағы мәдениет үйінде ұстаздар күніне орай «Мәртебелі ұстаз – ұлт мерейі атты» салтанатты жиын өтті.

Шараға қала әкімінің орынбасары Дархан Тұрсынбаев қатысып, ұлағатты ұстаздарды төл мерекесімен құттықтады.

– Қазақтың аяулы ақыны Мағжан Жұмабаев: «Алты алаштың баласы бас қосқан жерде, төрдегі орын ұстаздың орны», – деген болатын. Сол секілді қастерлі мамандық иелерін тек мерейлі мерекелерінде ғана емес, күн сайын құрметтесе де жарасады. Себебі ұстаз қашанда ілім мен ізгіліктің қайнар бастауы, биік пен тереңдіктің өлшемі және шәкірт санасына нұр төгетін шамшырақ іспетті ұлттың баға жетпес қазынасы. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы «Сапалы білім – жетістікке жетудің жолы әрі экономиканы дамытудың басты құралы» деп ұстаздардың арқасында тұтас бір буынның құндылықтары мен қасиеттері қалыптасатынын айтқан болатын. Білім саласының ұлт сапасын жақсарту мақсатында аса маңызды рөл атқаратынын жеткізді. Сондай-ақ білімі терең, ойы озық ұрпақты биікке жетелейтін мұғалімдер қауымына артылған жауапкершілік пен атқарған жұмыстарына мемлекет тарапынан қолдау шаралары жүргізілуде. Одан бөлек қаладағы жобалар сәтті жүзеге асып,

жаңа мектептер бой түзеуде. «Білімдіден шыққан сөз талаптыға болсын кез» демекші, елімізде білім берудің жаңа инновациялық даму жүйесі қалыптасуда. Бұның барлығы елдің ертеңіне, ұлт болашағы мен жастарға жасалған қамқорлық және келешек ұрпаққа жол сілтейтін педагог еңбегін бағалау ісінен туындаса керек. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес соңғы төрт жылда мұғалімдердің жалақысы 100 пайызға артты, – деді қала әкімінің орынбасары.

Мерекелік шарада мерейлі жасқа толған ұстаздарға арнайы сый-құрмет көрсетілді.

Айта кетейік, жыл сайын ұстаздардың атқарған жұмыстарына қарай ұстаздар күнінде «Үздік педагог» атауы бойынша 150 мың теңге қаржылай сыйақы тағайындалатын. Кеше де бірқатар ұстазға қала әкімінің алғыс хаты мен қаржылай сыйақы табысталды.

Мерекелік шарада оқушылар сарайының жас өнерпаздары ән-шырқап, ұстаздар қауымына ерекше көңіл-күй сыйлады.

Нәзира МҰҚАТАЕВА

Қайтқан қаржының көлемі қанша?

Негізі заңсыз иеленген активтерді мемлекетке қайтару үдерісі басталғаннан кейін жемқорлардан қайтарылған қаражатты жинақтайтын арнайы қор құрылған болатын. Ескендір Зұлқарнайдың egemen.kz-те биыл 18 тамызда жарық көрген «Қайтқан қаржының қайыры» атты материалында өткен жылдың желтоқсан айынан бері қорға 151,6 миллиард теңге түскені туралы дерек келтірілген.

Үкіметтің баспасөз қызметі берген мәліметке сүйенсек, бұл қаражат мектептер құрылысына жұмсалып жатыр. Яғни Президент тапсырмасы жүзеге асырылуда деген сөз. Қолда бар деректерге қарағанда, Астана, Алматы, Шымкент қалаларында 76 мың орынға шақталған (екі ауысымдық) 62 мектеп құрылысы қаржыландырылған.

Еске сала кетейік, осы жылдың 12 мамырында Бас прокуратурада Экономикалық ресурстардың заңсыз шоғырлануына қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның кезекті отырысы өтті. Оған бас прокурор Берік Асылов қатысты.

Ведомство мәліметінше, бүгінде мемлекетке ортақ күш-жігермен 760 миллиард теңгеден аса сома активтері қайтарылған, оның ішінде шетелдік юрисдикциялардан 575 миллион доллар қайтқан.

Құқық қорғау органдары қылмыстық істер шеңберінде жалпы сомасы 620 миллиард теңге активтерін қайтаруды қамтамасыз еткен, оның ішінде шетелдік юрисдикциялардан 575 миллион доллар.

Берік Асылов кулуарда бұл қаржының бір бөлігі бұрын Қайрат Сатыбалдыұлына тиесілі болғанын түсіндірді, деп хабарлайды zhasalash.kz. Басқа мемлекеттерге құқықтық көмек көрсету туралы 100-ден аса сұрау хат жолданғаны айтылды. Ол бойынша 100 миллион АҚШ долларынан асатын мүлікке тыйым салынған.

Бас прокурор активтер Лихтенштейн, Австрия, Біріккен Араб Әмірліктері және Гонконг сияқты елдерден қайтарылғанын мәлім еткен. Қаржы министрлігі қаржы-өнеркәсіп топтарының кәсіпорындарынан қосымша 100 миллиард теңгеден аса салық өндіріп алды. Экология және табиғи ресурстар министрлігі қаржы-өнеркәсіп топтары компанияларына 7 миллиард теңгеге жуық айыппұл салды, ал БҚДА 4 миллиард теңгеге санкциялар қолданған. Прокурорлардың шараларымен олигополия субъектілеріне бұрын негізсіз берілген немесе нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылмайтын 460 мың гектардан аса жер қайтарылған. Сондай-ақ нарықтық бағасынан 4 есе төмен бағамен сатып алынған Алматының көтерме сауда нарығындағы үлесі, олигополия субъектілерінің меншігінде заңсыз болған Алматы әуежайының 17 коммерциялық үй-жайлары мемлекетке қайтарылып отыр.

ТАЯҚ БАТПАЙТЫНДАРҒА ДА ТЫҚЫР ТАЯДЫ



Бұл мамыр айындағы дерек екенін айта кетейік. Одан беріде қаншама қаржы қайтып жатыр. Толыққанды ақпарат болмаған соң нақты суммасын айта алмай отырмыз. Осы жылдың 15 қыркүйегінде inbusiness.kz-ке жарияланған материалда Қайрат Боранбаевтың өзі мемлекетке 90 миллиардтың мүлкін қайтарып, мемлекет қорларының біріне 30 миллиард теңге аударғаны туралы дерек келтірілген.

Заң не дейді?

Жалпы заңсыз иемденген актив дегеніміз не? Жауапты заңнан іздейік. «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» Қазақстан Республикасының заңында: «Заңсыз иемденілген активтер – соттың осы заңда көзделген негіздер бойынша пайда болуы түсініксіз активтер деп тануына байланысты мемлекетке қайтарылуға жататын активтер», – деп көрсетілген. Заңда пайда болуы түсініксіз активтерге де тоқталған. «Пайда болуы түсініксіз активтер – тиісті тұлға активтер құнының өзінің заңды кірістерінің не осындай активтерді иемденуге жұмсалған шығыстарын жабудың өзге де заңды көздерінің мөлшеріне сәйкес келуін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа дәлелдей алмаған, субъектінің және (немесе) оның үлестес тұлғаларының активтері», – деп жазылған.

Заң тіліндегі мәтінді бірнеше мәрте қайталай оқымаса, күйбең тірлікпен жүрген адамның бірден түсінуі қиын. Қарапайым тілмен айтқанда, бұрын заңды белден басып, мемлекет мүлкін өз атына аударғандарға тықыр таяды деген сөз. Олардың өздері түгілі туыстары да тексеріледі. Әйтпесе кейбір пысықайлар інісінің, әйелінің, баласының немесе әке-шешесінің атына бүкіл мүлкін тіркеп, өзі дымы жоқ адамдай жүруі мүмкін. Өмір болған соң ондай да кездеседі. «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» Қазақстан Республикасының заңында ол жағына да мән берілген. Заңда: «Туыстық қатынастары бар адамдар – ата-аналар (ата-ана), балалары және олардың жұбайлары (зайыптары), бала асырап алушылар және олардың жұбайлары (зайыптары), асырап алынған балалар және олардың жұбайлары (зайыптары), ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалы-інілер мен апалы-сіңлілер (қарындастар) және олардың жұбайлары (зайыптары), ата, әже, немерелер, шөберелер және олардың жұбайлары (зайыптары), арғы ата, арғы әже», – деп жазып, үрім-бұтағына дейін тексерілетінін айқын көрсеткен. Тіпті күдікке ілінгендердің әйелі не күйеуі болса, олардың туыстары да тексерілуі бек мүмкін. Енді қалталылар дүние мүлкін өзінің туысы түгілі, жұбайының туыстарына да тіркей алмайды.

Мақаламызға негіз еткен заң осы жылдың 12 шілдесінде бекігенін де айта кеткен жөн.

Квазисектор да тексеріледі

Жаңа заң квазимемлекеттік секторға да қатысты. Демек олардың да жауапкершілігі қаралады деген сөз. Бұл туралы azattyq-ruhy.kz-те жарияланған «30 жыл бойы мемлекетті қанаған, тонағандарды жазалайтын заң қабылданды» атты мақалада баян етілген. Мақалаға Мәжіліс депутаты Нартай Аралбайұлының сөзін тақырып етіпті. Сондай-ақ мәжілісмен Дәулет Мұқаевтың пікірін берген.

Халық қалаулысы заңсыз иемденгендер тізімінде квазимемлекеттік кәсіпорындарда, мемлекеттік әкімшілік құрылымдарда жұмыс істеп, мемлекеттің байлығын заңсыз иемденгендер болатынын айтқан. Дәулет Мұқаев: «Бұл заң осы уақытқа дейінгі 30 жыл ішінде сыбайлас жемқорлықпен айналысқандарға, яғни квазимемлекеттік кәсіпорындарда, мемлекеттік әкімшілік құрылымдарда жұмыс істеп, мемлекеттің байлығын заңсыз иемденгендерге қолданылады», – деген ойын жеткізген.

Ал квазимемлекеттік сектор дегеніміз не? Ол – мемлекеттің қатысуымен, тіпті ықпалымен құрылған құрылым. Біздің жағдайда ол жауапкершілігі шектеулі серіктестік не акционерлік қоғам болуы мүмкін. Бірақ жеке дейін десең жеке емес, мемлекеттік дейін десең мемлекеттік емес мекеме.

Ақордадағы кеңес

Мақаланың басында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен заңсыз иемденілген активтерді қайтару мәселесі жөнінде кеңес өткенін жазғанбыз. Президенттің ресми сайтындағы ақпаратта Ақордада өткен жиынға Премьер-министр Әлихан Смайылов, Президент әкімшілігінің басшысы Олжас Бектенов, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Ермек Сағымбаев, Премьер-министрдің орынбасары – Сыртқы істер министрі Мұрат Нұртілеу және Бас прокуратураның басшылығы қатысқаны баян етілген.

Ақордадағы әріптестердің мәліметіне сүйенсек, Мемлекет басшысына заңсыз иемденілген активтерді қайтару мәселесі бойынша қабылданып жатқан шаралар мен бұған дейін берілген тапсырмалардың орындалу нәтижелері баяндалған.

Қасым-Жомарт Тоқаев әлеуметтік әділдікті қалпына келтіруге және мемлекетке қайтарылған активтерді елімізді дамыту үшін пайдалануға бағытталған бұл жұмыстың маңыздылығын атап өткен. Сондай-ақ Мемлекет басшысы осы іске жұмылдырылған барлық мемлекеттік құрылымдардың жұмысын жандандыру қажет екенін айтып, бірқатар тапсырма берген.

Мақалаға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Әділет министрі Азамат Есқараевты қабылдап, «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» заңды жүзеге асыруға қатысты заңға тәуелді актілерді жедел қабылдау үшін Бас прокуратурамен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеуді тапсырғанын қоса кеткенді жөн санадық. Бұл дегенің мемлекеттің мүлкі мен қаржысын заңсыз иеленгендермен күрестің күшейетінін білдіреді. Демек, мемлекет мүлкі мен қаржысын жекесіндей көретіндерге тықыр таяды. Осы уақытқа дейін ұрса да таяқ батпайтындай жүрді. Енді оларда екі-ақ жол бар: заңсыз жиған дүние мүлкін мемлекетке өз еркімен қайтару не заң алдында жауап беру.

Басы 1-бетте

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ!

Жыл басында қала бюджеті 52,3 млрд теңгемен бекітілген еді. Жүйелі жоспарлардың жемісі, бүгінде оның көлемі 91,4 млрд теңгеге жетті, яғни 175 процентке артты.

Облыс орталығының тұрғын үй құрылысын дамытуға, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды жақсартуға бюджеттің барлық деңгейлерінен 101 млрд теңге бөлінді.

Қалада тұрғын үй құрылысын дамытуға қаржыландырудың барлық көздерінен қаралған 22 млрд 782 млн теңгеге 2526 пәтерді құрайтын көпқабатты 42 тұрғын үй бой көтеруде.

ДЕПУТАТТАР ЖАСТАРҒА НЕСИЕ БЕРУГЕ ТЫЙЫМ САЛУДЫ ҰСЫНДЫ

Соңғы кезде Мәжіліс депутаттарының белсенділігі арта түскенін көпшілік жақсы біледі. Stan.kz ақпарат агенттігінің дерегіне сүйенсек, Парламент мәжілісінің депутаттары жастар мен мерзімі өтіп кеткеннен кейін қарызын қайтаратындарға несие беруге тыйым салуды ұсынған. Олардың пікірінше, несие экономикаға елеулі қауіп төндіруі мүмкін.

Елімізде екі миллионнан астам қарыз алушылардың 1,5 триллион теңге ипотекалық кредиттері бар. Жасырып қайтеміз адамдар несиені жабу үшін де несие алады.

Депутаттар қарыздар төлеу мерзімі 90 күннен асатын борышкерлерге несие алуға тыйым салуды, ресми кірістері расталмай, тұлғаларға тұтынушылық кредиттер беруді, қарыз алушылардың жасын 21 жасқа дейін шектеуді, жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің ең жоғары лимитін төмендетуді ұсынды.

Тақырыпқа арқау болған мәселе Сырдария ауданында болған. Анығын тарқатар болсақ, Сырдария ауданындағы мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы мемлекеттік бағдарлама аясында осы жылдың мамырында 2,5 пайызбен 5 млн теңге несие алған кәсіпкерге хат жіберіп, несиеге алған қаржыны табыс деп көрсетіп, 72 мың теңге салық төлеуі қажет екенін хабарлаған. Кәсіпкер проблемасымен Палатаға келіп, құқықтық көмек сұрады.

2,5 пайызбен берілген несиеге салық төленбейді

Қызылорда облысы кәсіпкерлер палатасының мамандары мәселені зерттегенде оның бір кәсіпкердің ғана емес, «Ауыл аманаты» жобасы мен жастарға арналған мемлекеттік бағдарлама аясында 2,5 пайызбен жеңілдетілген несие алып жатқан мыңнан аса кәсіпкердің құқығы бұзылуы мүмкін екенін анықтады. Мәселе Палата жанындағы агроөнеркәсіп кешені кеңесі мен бухгалтерлер клубының бірлескен отырысында қаралды. Отырысқа Кәсіпкерлер палатасының директоры Пірмұхаммед Сыздық, Кәсіпкерлердің құқығын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңесінің төрағасы Болат Нұрқожаев, облыстық мемлекеттік кірістер департаменті мен аудандық кірістер басқармасының өкілдері мен кәсіпкерлер қатысты.

Облыстық мемлекеттік кірістер департаментінің бөлім басшысы Гүлсара Қарымсақова мемлекеттік бағдарлама аясында берілген несие табысқа жатпайтынын, одан салық алынбайтынын атап өтті. Кәсіпкерлер осы қаржылық қолдаудың нәтижесінде кәсібін дамытып, пайдаға шыққан жағдайда салық төлейтінін жеткізді.

Кәсіпкерлер палатасының директоры Пірмұхаммед Сыздық «Жастарды шағын несиелеу» бағдарламасы аясында жалпы құны 1,2 млрд теңгеге 274 азамат несие алғанын, бұл жоба бойынша қазір қосымша 1 млрд теңге бөлінгенін айтты. Палата жанындағы Кәсіпкерлердің құқығын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңес төрағасы Болат Нұрқожаев осындай қиындық өзге де кәсіпкерлердің басында болуы мүмкін екенін алға тартып, салық органдарының өкілдерінен хабарлама жіберілген кәсіпкерлердің тізімін беруді сұрады.

Отырыстың қорытындысымен аталған мәселенің алдын алу мақсатында мемлекеттік кірістер органы өкілдерінен қала, аудандағы кәсіпкерлер арасында түсіндірме жүргізу ұсынылды.

Бетті дайындаған **Әзиз ЖҰМАДІЛДӘҰЛЫ**

Суреттер ашық дереккөзден алынды

ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ: ЖАҢА БАҒЫТ, ТЫНЫМСЫЗ ІЗДЕНІС, ОҢ НӘТИЖЕ

Қазіргі заманғы қосымша білім беру сапаға салмақ беріп қана қоймай, бейресми білім беру тұжырымдамасын, қазіргі жастар өмірінде оқытудың жетпіс пайызын құрайтын әлемдік тәжірибенің трендін іске асырады десек қателеспейміз. Еліміздің мемлекеттік білім беру саясаты тұрғысынан бұл білім дағдысы оқушылар мен ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың білім алуы мен әлеуметтік жетістігі үшін балама мүмкіндік ұсына отырып, білім берудің пәрменді құралы екенін дәлелдеп келеді.

Бұл жүйе оқушының танымдық және шығармашылық әлеуетін дамытуды мақсат етіп, мектептен тыс оқыту мен тәрбиелеуді, оқушылардың сабақтан тыс жұмысын жаңаша бағытта мазмұнды ұйымдастырумен айналысады. Қазіргі таңда Оқушылар сарайында 56 үйірме, 11 мектепалды даярлық топтары жұмыс жасайды. Биылғы оқу жылында 2110 оқушы қамтылуда. Орталықтағы үйірмелер салауатты өмір салтын қалыптастыруға, жеке тұлғаны өздігінен дамытуға, шығармашыл, дарынды балаларды анықтап, оларға қолдау көрсетуге және балалардың құқығын қорғауға бағытталған көп деңгейлі білім жүйесін беруді көздейді. Оқушылар сарайы талантты балалардың бұлақ көзін ашады. Мұнда қолөнерге, суретшілікке, робототехникамен айналысуға мүмкіндік мол. Орталықтың материалдық базасы бай. Өз ісіне тиянақты өнерлі мұғалімдер сабақ өткізеді.

Оның үстіне қазіргі қоғам ұстаз қауымына жаңа талап қойып отырғаны белгілі. Мұғалім – рухани дамыған, шығармашыл тұлға, кәсіби дағды мен педагогикалық шеберлік иесі, жаңалыққа құштар, білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді әдісін іздестіруші маман. Орталықтың қосымша білім беру педагогтері осындай талапқа сай білікті мамандар.

Педагог мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда бағыт-бағдар беретін, жол сілтейтін әдістемелік қызмет болса, сапалы әдістемелік қызметті тиімді ұйымдастыру – әдіскер ұстаздардың біліктілігін шыңдайды. Осы бағытта орталық педагогтері А.Төлегенова, Р.Сариев, М.Сүлейменова, Ж.Байдуллаева, Ф.Омарова, А.Махамбетова, С.Баймағамбетова, Б.Накишева, Ф.Құлмаханова, М.Серікбаев, М.Төлебаева, Б.Қадырбековтер авторлық бағдарлама, әдістемелік ұсыным дайындап, озық тәжірибені насихаттап, оны өзге білім ұйымдарына таратып келеді.

Облыстық білім басқармасы мен «Qyzylorda» телеарнасы арасында, «Сыр медиа» ЖШС мен облыстық білім басқармасының және қалалық білім бөлімінің Қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы арасында меморандумға қол қойылды. «Бала-ORDA» балалар бағдарламасы облыстық «QYZYLORDA» телеарнасы және Қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы ұжымдарының мекемеаралық байланысы нәтижесінде айына екі рет жарыққа шығып отыр. Балалар мен жасөспірімдерге арналған бағдарламаны орталық оқушылары Ақмаржан Амангелді мен Жанерке Жұманазар өздері қатысатын «VLOG KADR» үйірмесінің жетекшілері Мақсат Серікбаевпен бірге жүргізіп келеді.

– Ұстаз бен шәкірттің шығармашылық бірлестігі көрермендер тарапынан жоғары бағалануда.Оқушылардың қабілетін ашып, дамытуға жан-жақты жағдай жасағанда ғана мақсатқа қол жеткізуге болады. Ол үшін бірінші шығармашылыққа бет бұрған оқушының отбасымен қосымша білім беру педагогінің тығыз байланысы, ынтымақтастығы бірінші орынға шығады. Өйткені шығармашыл тұлғаның қалыптасуына педагогпен қатар отбасының әсері жоғары. Егер отбасы дарынды баланы толық қолдамаса, онда баланың шығармашылық қабілеті шыңдалмайды. Баланың шығармашылық жетекшісі балаға жақсы білім бергенімен, отбасындағы қолдау шешуші рөл атқарады. Сондықтан шығармашылық орталық (қосымша білім беру) дарынды оқушымен жақсы нәтижеге жетуі үшін оның отбасымен байланысын үзбеуі керек. Байланыстың дұрыс жолға қойылуы педагог пен ата-ананың ынтымағында. Сондықтан да орталықта ата-аналармен байланыс жүйелі, жоспарлы түрде жүргізіледі. Ата-аналарға арналған тренинг, дөңгелек үстел, ашық алаң мен шығармашылық кеш өткізіліп, педагогикалық, психологиялық кеңес беріледі. Мұндай мазмұндағы жұмыстың барлығы ата аналармен бірлесе отырып, кәсіби бағдар беруге негізделе атқарылады, – дейді Қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының басшысы Меруерт Әбдіхалықова.

Орталық басшысының айтуынша 2022-2023 оқу жылынан бері орталықта пәндік үйірмемен қатар ұлттық бірыңғай тестілеуге, олимпиадаға дайындық жасауға бағытталған тарих, математика, биология, химия, информатика, география, ағылшын тілі пәні бойынша топтар жұмыс жасайды. Білім беру бағдарламасы мектеп базасының тақырыптарымен жаңартылған бағытта дайындалады. Қазіргі уақытта бұл топтарда 330-дан аса шәкірт білім алуда. Қосымша білім беру саласында оқушыларға кәсіби бағдар берумен қоса, ұлттық бірыңғай тестілеу сынағына да дайындаудың жолға қойылуы шәкірттерге олардың мамандық таңдаудағы мақсатына жетуіне оң әсерін тигізуде.

Сонымен қатар орталықта республикалық, облыстық, қалалық деңгейдегі шаралар жоғары деңгейде өткізіліп, оған оқушылар үздіксіз қатыстырылып, тәрбиенің негізі болып табылатын жалпыадамзаттық, ұлттық құндылықты адам өмірі мен денсаулығын, тұлғаның еркін дамуының басымдығын, патриотизм, еңбексүйгіштік, адам құқығы мен бостандығын құрметтеуге тәрбиелейді.

Тәрбие концепциясын үздіксіз жүзеге асыру мақсатында Оқушылар Сарайы ұжымы жазғы демалыс уақытында да балалар мен жасөспірімдерге шығармашылық және ыңғайлы ортада тиімді демалыс өткізуін, физикалық және рухани дамуын жетілдіру мақсатында «ZHAZGY TIME» танымдық мектебін жүргізіп келеді.

Өткен оқу жылында жаз айларында жүргізілген «Каникулда да біргеміз!» жобасы да ата-аналар мен балалар көңілінен шығып, оң бағасын алды.

Қазіргі таңда Қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы техника мен ақпараттық технологияның дамуы үздіксіз зерттеу мен ізденісті қажет ететінін негізге ала отырып, цифрлық тұрғыдан сауатты және жан-жақты жас педагогтермен ұжымның педагогикалық қатарын толықтырып, заман талабына сай жұмыс жасауды қарқынды жүзеге асыруда.

Қосымша білім беру саласының педагогтары шығармашылық алаң қалыптастырып, өз жұмыс тәжірибесін алмасу үшін ғалымдар мен практик-педагогтер ортасында өздерінің кәсіби тәжірибелерімен бөлісіп келеді. «KazRobotics» федерациясының Қызылорда облысы бойынша үйлестірушісі, республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының, облыстық оқу орталығының (Әдістемелік кабинет), «Өрлеу» біліктілік арттыру ұлттық орталығының жоспарына сәйкес педагогтардың біліктілігін арттыру курстарында А.Төлегенова, Р.Сариев, Б.Накишева, Б. Қадырбеков, А.Бердеева, О.Абдуллаев, Б.Раушанбек спикер, модератор ретінде өз іс-тәжірибелерімен бөлісіп, Оқушылар сарайының республика бойынша әдістемелік деңгейінің жоғары болуына атсалысып келеді.

Қосымша білім беру орталығы оқушыларға таным көкжиегін кеңейте білім беріп, өнерге баулып, кәсіби бағдар берумен қатар, бала жастан ел тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрін сыйлап-құрметтеуге тәрбиелеп, ұлттық құндылықты ұрпақ бойына сіңіру жолында еңбек етуде. «Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» деп Абай атамыз айтқандай, еліміздің болашағы саналатын жас ұрпаққа білім мен тәрбие беруде педагог еңбегінің үлес салмағы орасан. Ұстаздар еңбегінің нәтижесі болашақ ел мерейін үстем қылатын жас ұрпақ жетістігінен айқындалады.

Биылғы жылы «Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» инновациялық идеялардың республикалық байқауының облыстық кезеңінде «Ауыл шаруашылық техникалар мен жабдықтар саласындағы техникалық құрастыру» аталымы бойынша Қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының «Робототехника» үйірмесінің оқушысы Жұрабек Заңғар жүлделі 1 орынға ие болып, республикалық кезеңге жолдама алды.

ҮЙІРМЕ ҮЗДІКТЕРІ

Сонымен қатар 2023 жылдың 4-5 мамыр күндері Астана қаласында «Robotek Grand Tournament» республикалық робототехника жарысында 130 команда арасында Биатлон жоғарғы санат номинациясы бойынша «ITIMAQORDA» балалар технопаркінің робототехника үйірмесінің оқушылары Юсуп Абылайхан және Ахметкәрім Аян жүлделі I орын иеленді

Биыл наурыз айында «Robotek Grand Tournament» республикалық турнирінің облыстық кезеңінде оқушылар сарайының «Робототехника» үйірмесінің оқушылары «Robotek Grand Tournament» республикалық турнирінің облыстық кезеңінде бақ сынап, 2 категория бойынша 1 орын иеленіп, республикалық кезеңге жолдама алды.

Биатлон (14-17) категориясы бойынша 1 орынға Юсуп Абылайхан мен Ахметкәрім Аян, Сызық бойымен жарыс категориясы бойынша 1 орынға Қалас Айбар мен Мырзабекұлы Бақытбек, Кегельринг категориясы бойынша 3 орынға Айбекұлы Дамир мен Смағанбет Ерасыл лайық деп танылды. Ал Робосумо категориясы бойынша Баянғали Мұхамедияр мен Жандосұлы Нұрисламға алғыс хат табысталды.

Биыл өткен «ALAN FIRST Robotics» жарыстарының өңірлік кезеңінде 4 облыстың ішінен 1 орынды Қызылорда Оқушылар сарайы «ITIMAQORDA» командасы иеленіп, Астана қаласында өтетін ұлттық «FIRST LEGO LEAGUE CHALLENGE жарысының республикалық кезеңіне жолдама алды.

Сонымен қатар былтыр «Казроботикс» қазақстандық робототехника федерациясының өткізуімен болған, «KazRoboSport-2022» атты республикалық жарыста Оқушылар сарайының командасы жүлделі III орын иегері атанды.

Былтыр 12-15 шілде күндері Орта Азиядан Өзбекстан, Қырғыстан және Тәжікістан, Қазақстанның 4 өңірінен келген командалар арасында «Казроботикс» федерациясының үйлестіруімен және Кентау трансформатор зауытының қолдауымен ұлттық нақыштағы робототехника сайысында Қызылорда қаласының робототехника құрамасы жалпы командалық есепте 1 орынды жеңіп алған болатын. Ал «Қыз қуу» категориясы бойынша «Itimaqorda» Қызылорда оқушылар сарайының «Edurobots» үйірмесінің оқушылары Айбекұлы Дамир, Сейтмұрат Ердәулет 1 орын иегері атанған.

Бұл жеңіске жеткен оқушыларға білікті ұстаз Раушанбек Сариев жетекшілік етеді.

Ұстаз – ұлағатты есім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиетті бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор.

Ұстаз болу – жүректің батырлығы,
Ұстаз болу – сезімнің ақындығы,
Ұстаз болу – мінездің күн шуағы,
Азбайтұғын адамның алтындығы –

деп ақын Ғафу Қайырбеков ағамыз жырлағандай, өскелең ұрпақтың әр қадамы ұстаздың еңбегімен өлшенеді. Осындай ұлағатты ұстаздың бірі – Раушанбек Сариев. Ол облыстық білім басқармасының, қалалық білім бөлімінің қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының «Робототехника» үйірмесінің жетекшісі, «KazRobotics» федерациясының аймақтағы үйлестірушісі.

Білікті ұстаз 1960 жылы Жалағаш ауданында дүниеге келген. 1983 жылы Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институтын физика және математика пәні мамандығы бойынша бітірген. Өзінің еңбек жолын 1983 жылы Қызылорда пионерлер және оқушылар сарайында радиоэлектроника лабораториясының меңгерушісі және үйірме жетекшісі болып бастаған. 2015 жылы қалалық Оқушылар сарайына робототехника үйірмесінің жетекшісі ретінде қабылданған.

Өзінің кәсіби қызметінде қосымша білім беру жүйесіндегі озық педагогикалық тәжірибені зерделеу арқылы оқу дағдысын жетілдіру, облыстық, қалалық, аймақтық, республикалық семинарға, республикалық конференцияға қатысу арқылы басқа өңірдегі әріптестерге дәріс өткізіп келеді. Білім саласындағы жұмыс өтілі – 26 жыл. Біліктілік санаты – педагог-модератор.

Педагогтың қосымша білім беру ұйымында атқарған ұзақ жылдардағы еңбегі бағаланып, әр жылдары Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының, қалалық білім бөлімінің Құрмет грамотасымен, «KazRoboProject – 2020» Қазақстан білім беру және спорттық робототехника «ҚАЗРОБОТИКС» федерациясының, республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының, «Халықаралық экология, инженерия және педагогика ғылымдар академиясы ҚҚ», «Казроботикс» республикалық федерациясының, облыстық білім басқармасының, Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасы «білім беруді дамыту орталығының», облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталған. «Жыл үздігі» аталымының иегері.

РОБОТОТЕХНИКАНЫҢ КӘСІБИ ШЕБЕРІ

Жаңаша білім беруді көздей отырып, кәсіби маман ретінде оқушылардың шығармашылығын арттыру арқылы жеткен жетістіктері де көптеп саналады. Білікті ұстаздың шәкірттері «Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» республикалық инновациялық жобалар конкурсының облыстық кезеңінде III орын, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Білімнің салтанат құруы» бағыты аясында «KazRoboProject – 2019» және «KazRoboSport-2019» облыстық чемпионатында III орын, «Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» инновациялық идеялар республикалық байқауының облыстық кезеңінде I орын, «KazRoboProject – 2019» Қазақстан білім беру және спорттық робототехника «ҚАЗРОБОТИКС» федерациясы РҚБ III орын, «KazRoboProject – 2019» және «KazRoboSport-2019» облыстық чемпионатында I орын, «Robo Fest-Orda» облыстық фестивалінде I орын, «KazRobotics-2018» федерациясының дипломы, I орын, қазақстандық білім беру және спорттық робототехника «KazRobotics – 2019» федерациясының дипломы, I орын, қалалық білім бөлімі «KYZYLORDA ROBOT SCHOOL» қалалық чемпионатында, I орын, «KazRoboProject – 2019» және «KazRoboSport-2019» облыстық чемпионатында III орын, «Robo Fest – Orda» облыстық фестивалінде III орын, «Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» инновациялық идеялар республикалық байқауының облыстық кезеңінде I орын, «Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» республикалық инновациялық жоба I орын, «KazRoboProject – 2019» және «KazRoboSport – 2019» облыстық чемпионатында I орын, Биатлон I орын, «Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» облыстық инновациялық жоба I орын, «KazRoboProject – 2019» және «KazRoboSport – 2019» облыстық чемпионаты жоба I орын, «Болашақ университетінің білім гранты», KazRoboProject - 2019» және «KazRoboSport – 2019» облыстық чемпионаты эстафетасында III орын, қазақстандық білім беру және спорттық робототехника «KazRobotics-2022» федерациясы дипломы мен III орынды жеңіп алған. Осы жетістіктің бәрі ізденімпаз ұстаздың маңдай тері мен үлкен еңбегінің жемісі.

Раушанбек Әбілдаұлы балаларға қосымша білім мен тәрбие беруде талмай еңбек етіп, оқу-тәрбие жұмыстарының тиімділігін арттыру мақсатында дарынды оқушылардың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту, ғылыми-практикалық конференцияға баулу, оқушыларды қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық жарыстарға дайындаумен қатар жас мамандарға да қолдау көрсетіп отырған кәсіби шеберлігі жоғары, білікті ұстаз.

Бетті дайындаған **Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА**
Суреттерді түсірген **Нұрболат НҰРЖАУБАЙ**

ҰСТАЗ ШЫРАҒЫ СӨНБЕЙДІ

Мұғалім – барлық мамандық иесін оқытатын, зердесін ашатын болашағына жөн сілтейтін жан. Сондай-ақ білім алушыға тәрбие беретін екінші ата-ана. Ол өзінің берген тәрбиесі арқылы әрбір жанның өміріне жол көрсетеді. Бүгін ұлағатты ұстаз 40 жылдан астам білім саласында маңдай термен еңбек етіп, оқушыларына бағыт-бағдар көрсеткен жоғары санатты математика пәнінің мұғалімі Ақпейшен Омашова жайлы сөз қозғамақпыз.

Ақпейшен Омашова 1936 жылдың 11 сәуірінде Қызылорда облысына қарасты Сырдария ауданының №14 ауылдық кеңесіне қарасты 1 Май ауылында дүниеге келген. Қазіргі Шиелі ауданының Сұлутөбе ауылдық округіне қарасты мекен. Ол кісі 1952 жылы ауылдағы Орджоникидзе орта мектебін күміс медальмен бітіріп, Қызылорда қаласындағы Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институттың физика-математика факультетіне оқуға түскен. 1956 жылы мамандығын үздік бітіріп, сол жылы мұғалім қызметіне жұмысқа орналасқан.

Ұлағатты ұстаз еңбек жолын 1956-1996 жылдары аралығында атқарды. Ол өзінің мамандығын шексіз сүйіп қана қоймай, өмір бойы жинаған тәжірибесімен бөлісе білген ұстаз. Өзінің еңбек сүйгіштігінің арқасында құрметке бөленгенін әрі қандай ұстаз екенін 1 май мектебінің түлегі Ақылтай Жаппасбаев айтып берді.

– Адам дүниеге тек келіп-кете бермейді. Менің ұстазым артында ой қалдырып қана қоймай, ойдан мұра қалдырған жан. Аймақтың айдарында аты қалған ұстаз. Мысалы, жай ұстаз хабарласа, жақсы ұстаз түсіндіреді, ал керемет ұстаз қалай жасау керегін үйретсе, ұлы ұстаз шабыттандырады дегендей ұстазым өте тамаша жан болған. Бабамыз Әл-Фарабидің «Жақсы әйел әмбе жұрттың анасындай», «Жақсының аты өлмейді» деген нақыл сөзі менің ұстазыма арнап айтылғандай. Ол өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын, қызметіне адал жан. Келешек ұрпақты тәрбиелеу жолында өзінің бойындағы бар қажыр-қайратын сарп етіп, өмірлік кәсібі жолында, антына адалдығын танытқан бекзат мінезді, ақылды және еңбекқор тұлға болған. Сондай-ақ өз ісіне деген сүйіспеншілікті оқушыға берген ұстаз, – дейді шәкірті Ақылтай Жаппасбаев.

Шәкірті ұстазының көпшіл, ақжарқын мінезді және айналасына нұрын шашып жүретінін жеткізді.

Ұлағатты ұстаз Ақпейшен Омашованың жеткіншек ұрпақты оқыту және тәрбиелеуде еңбегі еленіп, марапаттар да алған.

Атап айтқанда, «Қазақстанның еңбегі сіңген халық ағарту ісінің қызметкері», «ҚР білім беру ісінің үздігі» құрметімен марапатталған. Сондай-ақ 1981 жылы «СССР ағарту ісінің озығы», «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озығы» мәртебелі атағы мен Білім және ғылым министрлігінің көптеген марапатына ие болған.

– Ақпейшен апай мейірімді, жанашыр ұстаз. Ол үйреткен білімін баланың бойына сіңіріп, әр оқушының үлкен өмірге білімді, білікті азамат болып атануына зор үлес қосты. Халқымыз бекер айтпаса керек «ақылды әйелдің құрсағында алтын бесікті перзент жатыр» деп. Себебі ұстазым перзенттерін өнегелі, тәрбиелі етіп өсірді. Шүкір, барлығы жоғары білімге қол жеткізіп, бүгінде өз орындарын тапқан елге сыйлы азаматтар, – деді шәкірті.

Ақпейшен Омашованың қызмет барысында оқушыларға қалай сабақ бергенін, мұғалімдерге қандай үлгі-өнеге көрсеткенін қызметтегі әріптесі, қазіргі ардагерлер төрайымы Сайлаукүл Демесінова айтып берді.

– Ол кісі сұсты адам еді. Қасына жолауға қорқатынбыз. Кейіннен жақсы танып білгенде өте аққөңіл, мейірімді, ақ пейілді жан екенін білдік. Алғаш Ақпейшен апайдың сабағына қатысқанымда ол кісі балалардың жауапкершілікті сезінуі үшін оқушыларды тақтаға шығаратынын байқадым. Бір күні педагогикалық кеңес отырысында жақсы оқитындар мен нашар оқитындарды бөлек оқытуды ұсынып, өзіне нашар оқитын балалар сыныбын алатынын айтты. Алайда қолымды көтеріп оқуы төмен балалар класына жауапкершілікті өзім алатынымды жеткіздім. Осылайша нашар оқушыдан білімді азаматтарды шығардым. Әрине, бұның барлығы Ақпейшен апайдың арқасы. Ол әр сабағыма қатысатын.

Одан бөлек бізде мектепте әдіс бірлестігі болған. Оның бастығы ұстаз Ақпейшен апай әр әдіс бірлестігінде маған тапсырма беру арқылы тәрбиелеп, шыңдалуыма көмектесетін. Осылайша мықты методист маман болдым, – дейді бастауыш ардагерлер төрайымы Сайлаукүл Демесінова.

Ақпейшен Омашова қызметімен қатар кәсіподақ ұйымының басшысы да болды. Кез келген қоғамдық жұмысқа белсене қатысқан ұстаз қызметтегі әріптестеріне сыйлы әрі үлгілі болғанын жеткізді.

Ұстазға еліктеп өскен, үлгі тұтқан оқушылары ғана емес, қызметтегі әріптестері де қызыға қараған. Осындай білімді, білікті маманның ата-аналар мен оқушылардың құрметіне бөленген ұстаз отбасында адал жар, ардақты ана, немерелерінің сүйікті әжесі әрі үлкен әулеттің ұйытқысы болған.

Н.АЛТЫН

ІШІР СУДЫҢ САПАЛЫСЫ ДҰРЫС

Ауызсу мәселесі – бүкіл адам баласына ортақ проблема. Жыл санап таза суды тұтыну көлемі де артып келеді. Сол себепті де Мемлекет басшысы халықты таза әрі сапалы ауызсумен қамту мәселесін қойып отыр.

Халықты таза ауызсумен қамту бар да, оның сапасына мән беру бар. Күнделікті ішетін суымыз қаншалықты сапалы? Мамандар Қызылорда облысындағы ауызсудан 17 сәйкессіздік анықталды дейді. Сонда ішуге жарамды ма, жарамсыз ба?

Қолда бар деректерге сүйенсек, Сыр өңіріндегі тұрғындар 99,9 пайыз ауызсу жүйесіне қосылған. Оның 98,7 пайызы орталықтандырылған су жүйесіне қосылғанын атап өткен жөн. Ал 1,2 пайызы орталықтандырылмаған су жүйесіне қосылған. Бізде ауызсуды тасымалды түрде қолданатындар да бар. Олардың үлесі 0,1 пайызды құрайды. Негізінен жерасты су көздері пайдаланылуда.

Облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті берген мәліметке сүйенсек, биылғы 9 айда микробиологиялық көрсеткіштер бойынша 1462 ауызсу сынамасы алынған екен. Бұл жайлы облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Әлия Әбдіқайымова айтты.

– Санитарлық-эпидемиологиялық мониторинг шеңберінде микробиологиялық көрсеткіштерге 1462 ауызсу сынамасы алынып, оның 17-сі талаптарға сәйкес келмеді. Санитарлық-химиялық көрсеткіштерге 1430 ауызсу сынамасы алынып, оның 44-нен сәйкессіздік анықталды, – дейді департамент басшысының орынбасары.

Маман аймақтағы барлық сумен жабдықтау нысанында тазалау жұмыстары жүргенін де мәлім етті.

– Облыс көлеміндегі барлық орталықтандырылған сумен жабдықтау объектісінде жуу, тазалау және дезинфекциялау жұмыстары толығымен жүргізілді. Халық арасында су факторына байланысты аурушаңдық тіркелген жоқ, – деді Әлия Әбдіқайымова бізге берген ақпаратында.

А.БЕК

МЕКТЕПТЕР ҚЫСҚА ДАЙЫН БА?

Қыстың қамын жаз ойлау – ежелден қалыптасқан әдет. Бұл – алдағы суық күндерде тоңып, жаурап отырмаудың алдын алу шарасы. Әсіресе әлеуметтік нысандардың, оның ішінде білім ошақтарының қысқы мезгілге сақадай сай болуы маңызды.

Облыс орталығында қалалық білім бөліміне қарасты 56 жалпы білім беретін мектеп пен 28 мемлекеттік балабақша, 3 қосымша білім беру орталығы мен кешкі мектеп жұмыс істейді. Оның 51 нысаны орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған.

Білім бөлімі берген ақпаратқа сүйенсек, 31 білім беру ұйымы «Қызылорда жылу электр орталығы», 18 нысан «Қызылорда оңтүстік жылу орталығы» МҚК арқылы жылытылады екен. Сонымен қатар Белкөл кентіндегі «Қызылорда жылу электр орталығы» МҚК-ның шағын бу қазандығы кенттегі 2 білім ошағын жылумен қамтамасыз етеді.

Биыл қысқа маусымға дайындық барысымен жөндеуді қажет ететін жылу құбырлары қайта жаңғыртудан өткізілді. Сала мамандары қаланың жылу жүйесі дайын екендігін айтуда. Ал өңірдегі қыстың қара суығын жұртшылық жақсы біледі. Сондықтан балалардың жылы да жайлы жерде білім алуына, мұғалімдердің де еркін сабақ беруіне жағдай жаслау керек-ақ.

Орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған білім беру нысандарынан бөлек 28 білім мекемесі жекелеген бу қазандықтары және кіші пешпен жылытылады. Оның ішінде жанар-жағар май отынымен 26 нысан, қатты отынмен жылытылатын 2 мектеп бар. Сондай-ақ 3 білім ордасы мен 5 балабақшаға газ жүргізілген.

Қалалық білім бөлімі 2023-2024 жылғы жылу беру маусымына дайындыққа ертерек қамданып, қыркүйек айына дейін барлық 87 білім беру нысанының жылу батареяларын жуу-шаю жұмыстары толық аяқталған. Бүгінде оларға дайындық паспорты берілген. Сонымен қатар отын қорын қажет ететін мектептер мен балабақшаларға келісім шарт негізінде тиісті жұмыстар жүргізілген.

Қазіргі таңда 532,7 тонна дизель отынының қоры жасақталған. Ал қатты отын қоры 209 тоннаны құрайды. Мамандар қордағы отын көлемінің тиісті білім ошақтарының қыстан қысылмай шығуына жететіндігін айтады. Қазірдің өзінде дизель отынымен жылытылатын 15 оқу ордасында 80 тонна дизель отыны бар.

Сұйық отынмен жылытылатын мектептерден бөлек тағы 9 балабақша бар. Оларда 45 тонна дизель отыны жасақталған. Ал жыл соңына дейін 315, тонна сұйық отын қарастырылған.

Ал қатты отынды қажет ететін №128 және №218 білім ордасы жыл аяғына дейін келісім-шартқа отырған. Қазір аталған білім ошақтарына 166 тонна қатты отын жеткізілген. Бұл жыл аяғына дейін мектептерді жылумен қамтамасыз етуге жеткілікті болмақ.

Бүгінде алдағы жылу маусымына орай барлық білім ошақтары дайындық паспортын алып, толық отын қорын жасақтаған.

А.ӘЛІМ

ТҮНДІ КҮНДЕЙ ЖАРҚЫРАТҚАН ЖАСТАР

Облыстың 85 жылдығы және қала күні мерекесі аясында Тұңғыш Президент саябағында «OPEN AIR» жастар фестивалі өтті.

«QOSYL» жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен өткен шараға қала жастары жиналды. Мерекелік кешке ән әлеміндегі жаңашыл лебімен тыңдарман жүрегін жаулаған жастардың сүйікті әншісі Қанай қонақ болып, салтанатты кештің көрігін қыздырды.

Жыл сайын қала күні мерекесі қарсаңында «OPEN AIR» жастар фестивалін өткізу дәстүрге айналып келеді. Бұл күні көпшіліктің сүйікті әншілері, аймақтан шыққан танымал өнер жұлдыздары арнайы келіп қызылордалықтарды мерекемен құттықтап, ән шашуын арнайды. Жылдағы дәстүр биыл да жалғасын тауып, қала тұрғындары мен қонақтарына ерекше көңіл-күй сыйлады.

Әсем әндер әуелеген мереке соңы би кешіне ұласты. Жастар қауымының сұранысын DJ JOKER жандандырды. Осылайша қос мерекеге ұйымдастырылған кештен көпшілік көңілді тарқасты.

«Ақмешіт-ақпарат»

ҚҰҚЫҚ ҚҰРЫҒЫ

ЕСІРТКІ САҚТАҒАНЫ ҮШІН 3 ЖАРЫМ ЖЫЛ АРҚАЛАДЫ

Есірткі сақтағаны үшін қызылордалық азамат үш жарым жылға бас бостандығынан айырылды. Сот ер адамды кінәлі деп тауып, оны 3 жыл 6 айға бас бостандығынан айырды.

Полиция департаменті берген ақпаратқа сүйенсек, полицейлер қала тұрғынының пәтерінен есірткі заттарын тапқан. Сараптама нәтижесімен табылған заттар 3 кг 405 гр марихуана, 6,57 гр гашиш және 3,65 гр қара сора тұқымдары екені анықталған.

Аталған дерек бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру әрекеттері жүргізіліп, қылмыстық іс айыптау актісімен сотқа жолданды. Сотталушы өз кінәсін мойындады. Сот үкімімен айыпталушы үш жарым жылға бас бостандығынан айырылды. Бұдан бөлек оған сот сараптамаларының жүргізілгендігі үшін мемлекет кірісіне 159 262 теңге және жәбірленушілерге өтемақы қорына 20 айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі соманы төлеу міндеттелді.

СИНТЕТИКАЛЫҚ ПРЕПАРАТТАР САҚТАҒАН АЗАМАТ СОТТАЛДЫ

Қалалық сот синтетикалық есірткі затын сақтаған 21 жастағы азаматқа үкім шығарды.

Күдік тудырған жас жігіт өткен жылдың желтоқсан айында облыс орталығындағы мөлтек аудандардың бірінде ұсталған. Анықталғандай оның пәтерінде өте үлкен мөлшердегі синтетикалық препараттарға жататын 411,61 гр психотроптық заттар болған. Ұсталған азаматтың айтуы бойынша, ол дәрі-дәрмектерді өзіне пайдалануы үшін сақтаған.

Сотта айыпталушы өзінің кінәсін мойындап, өкінетінін айтты. Жасын ескере отырып, жеңіл жаза тағайындауды сұрады. Сот үкіміне сәйкес оған үш жылға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды.

ҚЫЗМЕТТІК ИТТЕРДІҢ КӨМЕГІМЕН 46 ҚЫЛМЫС АШЫЛДЫ

Биылғы 1 маусым – 30 қазан аралығында республика көлемінде өтіп жатқан «Қарасора-2023» жедел-профилактикалық іс-шарасы бойынша облыс орталығына және басқа облыстармен шекаралас Арал және Жаңақорған аудандарына бекеттер қойылып, екі ауысыммен есірткі затын анықтау мақсатында жұмыстар жүргізілуде.

Аталған бекеттерде кинолог мамандар өздеріне бекітілген қызметтік іздестіру иттерімен бірлесіп, есірткінің заңсыз айналымына қатысты қылмыстық құқық бұзушылықтарды анықтау мақсатында қызмет атқаруда. Соның нәтижесінде есірткінің заңсыз айналымына қатысты 22 қылмыс анықталып, айналымнан 26 кг 458,34 гр «марихуана» тәркіленді.

Анықталған деректер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру әрекеттері жүргізілуде. Жалпы жыл басынан бері қызметтік іздестіру иттерін қолдану арқылы 46 қылмыс ашылды. Олар негізінен ұрлық және есірткінің заңсыз айналымына қатысты қылмыстар.

Әзірлеген **А.СЕЙІЛ**

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 3109 Тапсырыс №1584

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Айдана СЕЙІЛ